



# Мұнайлы ӘЛКЕ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№08 (130), қыркүйек, 2020 жыл



## МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



### Құрметті мұнайшылар, сала ардагерлері!

Баршанызды жыл айналып қайта жеткен кәсіби мерекеміз - Қазақстан Республикасы мұнай-газ саласы қызметкерлері Күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

2020 жыл Қазақ елі үшін де, жалпы адамзат үшін де оңайға соқпады. Осыған қарамастан кәсіп атаулының бәріне тұсау болған пандемия кезінде арқалаған жауапкершілігіміз бен міндетіміздің қоғам тыныштығы мен мемлекет тұрақтылығы үшін маңыздылығын ескере отырып, компания ұжымы өндірістің ырғағынан жанылуына жол бермедік. Дер мезгілінде жасалған сақтық шаралары мен алдын алу жұмыстарына, қабылданған ережелерге түсіністікпен қарап, төтенше жағдайды бақылау бағытындағы тапсырмаларды мүлтіксіз орындаған мұнайшылардың арқасында белгіленген межелер бағындырылуда. Мұның өзі өз кезегінде, жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы әлеуметтік келісімдерді орындауға мүмкіндік берді.

**Қадірлі әріптестер!** COVID-19 пандемиясы тұтас елдің басына нәубет болып келді. Жоғалтқанымыз да аз емес. Жылда жадырап келетін жаз былш шынырақтарға қайғы әкелді. Өкінішке орай, 9 әріптесіміз бүгін қатарымызда жоқ. Жыл сайын қоңыр күзде бір жыл аралықтағы қол жеткен табысымызды екшеп, алдағы кезеңге меже белгілейтін төл мерекеміздің үстінде был, пандемия құрбаны болған мұнайшы әріптесті қайғырып еске аламыз. Индет салдарынан қара жамылған олардың отбасына көңіл

айтамыз, қайғыларына ортақпыз! Жаратқанның әрбір ісінің артында бір қайыр бар дейді қазақ. Елдігімізге сын болып келген бұл індеттің де түбегейлі жойылар күні алыс емес екендігіне сенеміз.

Күннен күнге жақсарып келе жатырған эпидемиологиялық ахуал мен сырқаттанған азаматтар санының төмендеуіне «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы да елеулі үлес қосты. Облыстың денсаулық саласын қажетті медициналық құрал-жабдықтармен қамтумен қатар компания мұнайшылары қанатымен су сепкен қарлығаштай пандемияға қарсы күресте мылтықсыз майданның алғы шебінен табылғанын аса зор құрметпен айтамыз. Вахтааралық демалыста дәрігерлермен қатар тұрып әрбір жерлесіміздің өмірі үшін күрескен азаматтықтарыңыз ел аузында! Біздің бірлігіміз бен ынтымағымыз көңілдерге үміт ұялатты.

**Мереке құтты болсын, мұнайшылар!** Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс тілейміз. Ел аман болғай, төрт көз түгел, есендік пен саулықта биік белестерді ала беріңіздер!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ  
Бас директоры

Лю Цзиньчэн

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ  
Бас директорының бірінші орынбасары

Қалбай Ізмұқанов

Будьте здоровы!

# НАША МИССИЯ – ВАША БЕЗОПАСНОСТЬ

Газета «Мұнайлы Өлке» продолжит цикл публикаций о деятельности цехов и отделов Департамента техники безопасности, охраны труда и охраны окружающей среды АО «Мангистаумунайгаз». Сегодня о работе лаборатории производственной санитарии и гигиены труда, расскажет её заведующая Кумис Жусупова.

- На нашем подразделении лежит ответственная работа, ведь мы в первую очередь должны сделать все, чтобы сделать условия труда безопасными. Я взяла себе за правило, считать каждого работника не только частичкой нашей компании, а относиться с уважением к каждой семье, которая стоит за его плечами. Дома ждут жены, дети, родные, а значит человек, направляясь на рабочее место, должен быть уверен в том, что он принесет в свой дом не только заработок, но и сам вернется невредимым.

Сфера моей деятельности и в прошлом была связана с медициной и охраной здоровья нефтяников. Я - медицинский работник, много лет работала цеховым терапевтом в поликлинике, поэтому хорошо осведомлена об условиях труда и том, что часто беспокоит наших работников в плане здоровья. Вот уже два года я работаю в Департаменте техники безопасности, охраны труда и охраны окружающей среды АО «Мангистаумунайгаз».

Этот год выдался непростым. Весь мир встревожила пандемия коронавируса. С инфекцией боролась вся страна и наше государство в том числе, не считая уже то, что задачей каждой организации было предупредить и воспрепятствовать дальнейшему распространению COVID-19. Не исключение и наша компания, в которой трудится свыше 4000 человек.

А значит, мы не должны снимать с себя ответственность за обеспечение сотрудников достойных, а главное безопасных условий труда.

Первым делом в период пандемии COVID-19 были разработаны План «А», «Б» и «С». Было решено сначала выявить потребность, а затем уже создать месячный запас средств защиты от коронавирусной инфекции. Помимо этого, мы продолжали разяснительную работу, разработав алгоритм действия работника при выявлении у него признаков COVID-19. Мы учили и тот момент, что этот алгоритм должен быть неразрывно связан с госорганами, поэтому пошагово отработали ход взаимодействия с ними и развернули информационную площадку.

Следующий момент: мониторинг ситуации, а именно контроль работы медицинских работников, которые вели онлайн-консультации. Такого рода контроль велся непосредственно с больными, которые были помещены на карантин. Информацию о самочувствии каждого работника информацию из первых рук мы получали ежедневно. Ситуация передавалась сразу же руководству. Даже сейчас, при спаде заболеваемости коронавирусом, я, как медицинский работник считаю, что пренебрегать санитарными требованиями и правилами гигиены нельзя ни в коем случае. Поэтому,

всех своих коллег призываю к минимизации всяческих социальных контактов.

Считаю, что в данной сложившейся ситуации наши акционеры и Правление компании приняли правильное решение о введении карантина на месторождениях Каламкас и Жетыбай с 5 июля по 5 августа 2020 года и переводе работников на дистанционную форму работы.

Если говорить о дне сегодняшнем, то все меры предосторожности для обеспечения безопасных условий работы все также актуальны.

Перед каждой вахтой работники сдают тест на коронавирус, путем ПЦР-анализа, сохранена дистанционная форма работы. На объектах общества соблюдается строгий санитарный режим.

Хотелось бы добавить, что каждый из нас несет ответственность за себя, поэтому важно каждому в отдельности задуматься о том, что сейчас очень актуально: самоизоляция и самосохранение. Могут дать несколько советов как обезопасить себя в столь сложное время, когда вирусы атакуют неожиданно. Пункт номер 1, напоминаю – личная гигиена, частое мытье рук, ношение масок и перчаток, влажная уборка, проветривание помещений. Казалось бы, простые правила, но лучше о них сказать еще раз.

Вот небольшая памятка, которая позволит вам быть во всеоружии.

Для предупреждения распространения COVID-19:

1. Соблюдайте правила гигиены рук. Часто мойте руки водой с мылом или обрабатывайте их спиртосодержащим антисептиком для рук;

2. Держитесь на безопасном расстоянии от чихающих или кашляющих людей;

3. Носите маску, когда находитесь в окружении других людей;

4. Не прикасайтесь руками к глазам, рту или носу;

5. При кашле или чихании прикрывайте рот и нос локтевым сгибом или платком;

6. Если вы чувствуете недомогание, оставайтесь дома;

7. В случае повышения температуры, появления кашля и одышки незамедлительно обратитесь за медицинской помощью;

8. Чем раньше вы обратитесь за помощью, тем быстрее вас направят к нужному врачу. Так вы защитите себя и предотвратите распространение вирусов и других инфекций.

И еще несколько слов о масках. Если кто-то говорит, что надево их носить, то другой скажет, что это вошло в привычку. И это, верно, помните, надев маску, вы помогаете предотвратить передачу вируса от себя другим людям, от них - к вам. И все же, одних только масок недостаточно для защиты от вируса COVID-19, нужно соблюдать весь комплекс мер предосторожности, указанных выше.

Я желаю работникам нашей компании здоровья и хочу добавить, что мы сделаем все возможное, чтобы защитить вас. Берегите себя!

**К.К.Жусупова,**  
заведующая лабораторией  
производственной санитарии  
и гигиены труда ДТБТОИООС

## Равнение на лучших

# ЖЕТЫБАЙСКИЙ МАСТЕР ТОКАРНЫХ ДЕЛ

Профессия токаря очень востребована и в наши дни. Работа такого специалиста ответственна и уважаема. И, несмотря на то, что в своей работе токарь руководствуется исключительно математическими расчетами, просчитывает каждый миллиметр, профессия эта также и творческая. Ведь не каждый человек труда сможет превратить обычную металлическую болванку в уникальную деталь нужных размеров. Разве это не искусство?!

Токарь 6-го разряда ПРЦЭО ПУ «Жетыбаймунайгаз» Василий Пожидаев еще в ранней юности определился с профессией. Так уж получилось, что рос он без отца, поэтому с детства на его плечи легла забота по дому. Починить утюг или просверлить отверстие в стене? Легко! Особенно любил он возиться с различными металлическими деталями, что-то выточить, подогнать по размеру, отшлифовать. Поэтому никто не удивился, когда Василий после окончания средней школы поступил в СПТУ-4, выбрав специальность «Станочник широкого профиля».

Трудовую деятельность Пожидаев начал в 1992 году. Сначала был актауский химический горно-металлургический завод, затем железнодорожное депо, а с 2000 года - «Мангистаумунайгаз»: так что вот уже ровно 20 лет Василий токарничает на станках производственного управления «Жетыбаймунайгаз».

...В большом ангаре ремонтного цеха шумят станки, в воздухе витает запах горелой металлической стружки. За станком Василий Пожидаев выточивает очередную деталь. Казалось бы, ну что за премудрость отсечь от заготовки ненужные части? Но когда ты видишь, как в руках у мастера обычная болванка виртуозно превращается в высокоточную деталь, только тогда понимаешь, насколько ювелирная работа токаря.

- Профессию свою я очень люблю и безмерно ей горжусь, - рассказывает Василий. - Работа токаря конечно, ответственная, но мне нравится. Чем труднее



задание, тем интереснее его выполнять. Работа самая разная от изготовления мелких болтов и гаек, до расточки валов длиной в три метра. Здесь необходимо быть внимательным, постоянно совершенствовать свои навыки работы на токарном станке, обладать хорошей памятью, техническим мышлением и серьезно относиться к выполнению задач. Большую роль, конечно же, играет и атмосфера в коллективе. У нас в цеху сложился замечательный, сплоченный и дружный коллектив, можно сказать

братство: каждый работник всегда поддержит коллегу, поможет, подскажет, подставит плечо в трудную минуту. Это очень важно, потому что когда на работу идешь с любовью, то и работа в руках спорится.

В свою очередь в трудовом коллективе высоко ценят и уважают Василия. – Он

За безупречный труд и вклад в развитие компании Пожидаев несколько раз награждался благодарственными письмами и ценными подарками. Но самую главную победу он одержал в 2018 году, когда занял первое место в конкурсе «Лучший по профессии». В том конкурсе участвовали настоящие профессионалы, виртуозы токарных дел. Что ж, тем ценнее победа!

В свободное от работы время Василий любит повозиться с домашней техникой: вскрыть, собрать починить, смастерить. Впрочем не из тех, что в выходные любят полежать на диване перед телевизором. Иной раз и домочадцы не выдерживают, просят главу семейства отдохнуть, взять передышку и откуды в нем столько энергии!

Со своей супругой - Еленой - Василий познакомился 21 год назад, с тех пор они живут в счастливом браке. Сегодня Пожидаевы воспитывают троих детей и четырех внуков, и как говорит Василий – это и есть самые Главные Победы в его жизни!

- Пользуясь случаем хочу поздравить всех своих коллег, весь наш многотысячный и дружный коллектив с профессиональным праздником – Днем работников нефтегазовой отрасли, - говорит Василий Пожидаев. - Два этот год выдался непростым, наша страна столкнулась с трудностями, но я верю, что мы сможем выбраться из кризиса. Сможем преодолеть трудности, выстоять и победить! Желаю вам и вашим близким крепкого здоровья, семейного благополучия, удачи и процветания! Токари АО «Мангистаумунайгаз», внесли и будут вносить свой вклад в дело развития и процветания компании. И пусть современный мир меняется, и на смену рабочим профессиям приходят высокоточные роботы и цифровые технологии, я верю, что квалифицированный ручной труд всегда будет востребован, а человек труда всегда будет в почете! С праздником вас уважаемые коллеги!

очень исполнительный и ответственный сотрудник, который отлично справляется с любым заданием, - говорит заместитель начальника механического участка ПРЦЭО «Жетыбаймунайгаз» Оразбай Кудайбергенов. - Хотелось бы также отметить и такие качества Василия как отзывчивость, уважение к окружающим, доброта, он всегда готов поддержать товарищей по цеху. Он активно участвует не только в производственной, но и в общественной жизни коллектива.



# ӨКЕ ҮМІТІН АҚТАҒАН АЙСҰЛУ

Мұнай жерден Құдай берген нәсібім,  
Мұнайшылық – мәртебелі кәсібім.  
Жасырынған жер астында жеті қат,  
Қазынаңыз біз аламыз асылың! - деген жыр жолдары әр мұнайшының көкірегіндегі мақтаныш сезіміне ғана емес, кіндігіміз осы қазыналы түбегке байланған сан ұрпақ кара аттын өндірушілердің тағдырынан хабар бергендей.

Тарихшылар айтағын Маңғыстау жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен жер деген деректі естіген сайын сонау алпысыншы жылдары мұнайлы өлкелерден осы сайын дала қойнауындағы мол байлықты игеруге жастық жалынмен келіп, осы топырақта бар ғұмырын өткізген мұнайшылардың алғы буынын да со жұрттың біріне теңесе, қане, деген ойдың көңілдің түкпірінен қиян беріп қалағаны бар кейде... мүмкін бұл тарихқа қиянат та шығар?! Дегенмен мына асты да, үсті де кен түбегі осы даланың иесі сен деп мың сан күмбез, кесене, қойтас, сандықтастармен құжаттандырып кеткен ат үстінде ауыздығымен су ішкен ата-бабаның жорық жолдарында «Аспан деген, жас ұлан, Басталады біздің жақта мұнаралар басынан» дейтін батыр мұнайшылар да табан тіреп қалды. Қыр басына шығып алып, күмбірлеген күмбездерде «ал, біз жеті ұрпағына жететін мол байлықты мұра қылдық, игілігің көріңдер» деп Маңғыстауды мәңгілік мекені қылып олар да бір жұрт болып жатыр...

Жетібайдың қырында Таспаев Жайманды білмейтін адам кемде кем. Атырау облысы, Қаратон поселкесінде дүниеге келген Жайман аға 1968 жылы Маңғыстау мұнайының бастау-бұлағы болған Жетібай кенорнына арнайы жолдамамен басшылық көшіріп әкелгендердің қатарында болды.

Осыған дейін «Қазақстан мұнай өңдеу» зауытында мыс өңдеуші, Байпонас жер асты жөндеу жұмысында, Қаратон кенорнында еңбек етіп, тәжірибе жинақтаған маман о кезде «самородок, сары алтыңға» тең еді. Жетібай өндіріс ошағы келген мамандарды құшақ жаға қарсы алды. Еңбек десе жанып түсетін Жайман аға Жетібайдың мұнайын тұңғыш өндіруге тікелей атсалысқандардың қатарынан орын алды. Өндірістің ыстық-суығын бұлардан кеше жүріп, 1975 жылы Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген мұнайшы атанды. Жетібай мұнайын игеруде ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, тер төккен мұнайшылардың қатарында, құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін жұмыс жасап, көпке үлгі болды. Артында жақсы абырой-атағы қалды. Ең бастысы - өзі сияқты еңбеккер ұл мен қыз жақсы әкенің жақсы атын абыроймен ілгері алып барады.



Біздің бүгінгі кейіпкеріміз - «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының зертханашысы Айсұлу Жайманқызы Таспаева. Әкесі Жайман аға жұмыста қалай талапшыл болса, отбасына, балаларына да сондай талап қоятын. Ұл-қызын еңбекке, адалдыққа, тәртіпке баулыды. Әкелері жұмыстан келетін уақыт жақындағанда, отбасындағы шүпірлеген он екі баламен қоса, анасы да бөйек болып отағасының қасы мен қабағын бағатын. Мұнайшылар жағажанының вахтері болып қызмет еткен анасы Сәзира отбасының ахуалын бірқалыпты ұстаушы еді.

- Әкем ортасына ықпалы бар, сөзі жүретін, жан-жағындағы ағайын-тума, ұжымдастар мен бала-шағасы үшін зор бедел иесі болды. Ұрпақ тәрбиесіне орасан зор мән берді. Әке өнегесінің пайдасын, оның отбасындағы ешқандай жағдай, ешбір құл шайқалта алмайтын беделі туралы сағаттап айта аламын. Біз үшін осындай даңқты

мұнайшының баласы деген атты алып жүру әрі үлкен сын, әрі үлкен мақтаныш болды, - деп еске алады Айсұлу аяй.

Сондай жанұяда тәрбиеленген Айсұлу Жайманқызы да әкенің жол көрсетуімен, нұсқауымен орта мектепті бітіре сала, небары 17 жасында еңбекке араласты. «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасындағы ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехындағы зертханаға оқушы-үйренуші болып орналасты. Бірлігі жарасқан тату, білікті мамандар мен өз ісінің шеберлері, кәсіби қызметкерлер еңбек ететін ұжым жас маманды мейлінше еңбекке баули білді. Соның ішінде Галина Николаевна Бухвалованы ұстазы ретінде зор құрмет тұғалды. Осы ұжым берекелі құтты шаңырақ болып, он жылдан астам жас маманды ширатты, зертхана қызметінің қыры мен сырғына обден үйретті.

1981 жылы қазыналы қарашаңырақ Қаламқасқа ауысты. Бүгінде Айсұлу Жайманқызы еңбек ететін ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехындағы химиялық анализ зертханасын нағыз тәжірибе алаңы деуге болады. Мұнда зертханашылар мұнайдың құрамындағы тұзды, суды, топырақты айырып, сапасын анықтайды. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамына өткізуге дайындалатын мұнайдың құрамындағы компоненттерді ажыратады. Яғни, тұздың деңгейі 100 миллиграмман, судың деңгейі 0,5 пайыздан аспауы керек. Осылайша зертханашыларымыз мұнайды тапсырудың тоқтаусыз процесіне өз үлестерін қосуды жалғастыруда. Цех заманауи жабдықпен жабдықталған және осында жұмыс істейтін әріптестерге толыққанды еңбек ету үшін барлық жағдай жасаған.

Айсұлу үшін дүниеда Қаламқастан ыстық жер жоқ. Өмірінің ең аяулы сәттерінің куәсі болғандықтан шағар, мұнда сағыныпты естеліктері бар. Жылдар бойы табанды тынымсыз еңбегінің күсіне айналған мекен - Қаламқаста болашақ жан жарын кездестірді. Өтеген Жайылғанұлы Абдрахмановпен танысып, шаңырақ көтерді. Сол шаңырақтан өрген 4 ұл-қыздың барлығы жоғары білімді, өз саласының білікті мамандары, отбасылы, бала-шағалы азаматтар. Барлығы да шаңырақта қалыптасқан тәртіптің, тәлім-тәрбиенің арқасында осы күнге жетіп отыр.

Төккен тер мен толассыз еңбектің өтеуіндегі Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталары бар. Осындай ерен еңбек иесі - Айсұлу Жайманқызына кәсіби мереке тұсында біз де деніне саулық, отбасына амандық, еңбегіне жеміс тілейміз. Әрдайым жасампаз еңбектің жарқын үлгісін көрсете жүріп, бейнетіңіздің зейнетін көріңіз!



## АМАНБЕК АЛҒАН АСУ



Қаратауды бетке алып жүрсен ақба бор таулардың баурайында еркелей жатқан сұлу жер бар. Жыңғылды деген. Жыңғылды - дүлдүл мен бұлбұлдың ізі қалған қасиетті мекен. Арғыда Күй иесі - Есір, Арал, Шамығұл, бергіде жыр нөсер Ізбарал Шыртанов, ән-күдірет Күріш Тасболат болып келіп, Маңғыстау өнерінің сауырлы бөлігі осы топырақта ғұмыр кешкен. Академик Ахмет Жұбановтың өзі «Өнер мен үлгі-өнеге жағынан Қазақстанды кең жазира десек, Маңғыстау - оның оазисі, ал Жыңғылды - соның нақ ортасындағы гүл бағы дерсің» деп бағалаған бұл жердің төсейден малы, төрінен әні үзіліп көрген жоқ. Бұл ауылдың перзенттері Қаратауға, оның биік шоқысы әйгілі Отпан тауға тартып туалды дегенді арғы-бергі үлкендерден көп естідік.

"Қаламқасмұнайгаз" ӨБ, 4-разрядты қабат қысымын ұстап тұру жөніндегі операторы Аманбек Өмірбекұлы Төлеубеков туралы газетке мақала жазу барысында онымен танысқанымызда Жыңғылдың тумысымен дегенде осы бір көркем мекеннің ел тарихы, жер тарихы бірден ойға келді.

Аманбек Жыңғылдыда сыр етіп дүние есігін ашқанға жесі етегіне салып алып, бауырына басқан екен. Ата мен өзе тәрбиесінде мейірім мен «айналайынға» кенде болмай өсті. Олар көпті көрген көнекез, өмірдің талай қақпақалынан аман өткен, заманының қиындығы мен қызығын қатар кешкен тәжірибесі мол адамдар еді. Алған тәлім-тәрбиесі адалдырмайтын «Темірқазық» іспетті әлі күнге жетелеп келеді.

Ауылдан Есір Айшуақұлы атындағы орта мектепті үздік бітіріп шыққан жас түлек Ақтау қаласындағы Политтехникалық колледжден бір шықты. Мұндайшы мамандығын таңдауына себеп болған әкесі - Өмірбек Төлеубеков. Қабат қысымын ұстау



цехында шебер болып жұмыс жасайтын әке адал еңбегімен ортасына қадірі асқан азамат. Аманбек те әке жылын қуып, сол соқпақпен келеді. 2007 жылы мұнай-газ кен орындарын пайдалану мамандығы бойынша осы оқу орнын абыроймен аяқтап, 40 жылдан аса тарихы бар Қаламқастағы қабат қысымын ұстау цехына 3-дәрежелі оператор болып жұмысқа орналасты. Содан бері осы күнге дейін сол жерде табан аудармай қызмет етіп келеді.

-«Әкем ұйқыны, еріншектікті жек көретін. Еріншектікке бой алдырмау үшін өзіңе мақсат қою керек, бүгін бітетін істі, ертеңге қалдырма дейтін. Бізді сол қағидамен тәрбиеледі. Сол принципті осы күнге дейін ұстанып келемін. Ал, анам - Төлеубекова Қатира үйде бала тәрбиесімен айналысып, біздің жағдайымызды жасаудан жалыққан емес. Өзімнен кейін бір інім, бір қарындасым бар. Соларға басын болып, қол нұсқап, үлгі болуға тырысамын» - дейді

кейіпкеріміз. Жұмысымен жайлы айтатын болсақ, блоқты бұталы сорғы станциясындағы (БКНС-5) бригадаға тап болуым - еңбекте жолымның болғаны деп есептеймін. Өте жақсы ынтымағы жарасқан ұжымға келдім.

Аманбек ең алғаш жұмысқа алған ұстазы Саяхат Жанбуршинның ерінбей-жалықпай жұмыстың принципін, қыр-сырын үйреткенін, қабат қысымын ұстау цехындағы жұмыстың мәнін түсіндіргенін, еңбекке қалай баулығанын зор құрметпен баяндады.

Уақыт өте келе өнім өндірумен қатар материалдық-техникалық жағдайды заманға сай жанарып-жанғырған цехта жұмыс жасау неғұрлым жеңілдеді. Кен орнының жана тарихының бастауы болған соңғы онжылдық көз алдында.

-Бұл жерден талай бастық, талай шебер ауысты, бірақ қай кезде де мақсатымыз біреу ғана - ол еш қауаусыз жұмысты атқару. Неше

жыл өтсе де, өндірістің қалыпты ағыны бар. Қырық жыл бойы өз қарқыннан жаңылған жоқ десе де болады, - дейді ол.

Әдеттегідей, жұмыс танертен сағат 7.00-де бес минуттық лездемеден басталады, сол жерде нақты сол күні атқаратын тапсырмаларды қабылдап алған соң өндіріс өз ырағына түседі. Белгіленген аумаққа қажет мөлшерде қысыммен су жіберу арқылы мұнайдың шығуына ықпал ету, осы процесті жіті қадағалап ұстай отырып, белгілі режиммен атқарып шығу - негізгі мақсат. Тәулігіне бірнеше мың тоннадай су айдау арқылы жердің астынан су аралас сұйықтықты шығарып, шайқап, нәтижесінде сары майдан қыл суығандай ғып таза мұнай алынады.

Аманбек Өмірбекұлы үнемі ізденіс үстіндегі маман. 2016 жылдан бері Компаниядағы үздік маман конкурсына қатысып келеді. Сол уақыттан бері жұлдені қолдан берген кезі болған емес. Ол да болса, алған білім мен жылдар бойғы тәжірибемен келген дүние. 2019 жылғы үздік маман атанған «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК қарасты әріптес мұнайшылардың басы Альметьевск қаласында (Татарстан Республикасы) додалы бөйгедө тоғасты. Сол жарыста Аманбек жүлделі үшінші орынға не болды. Үздік маман атану зор мәртебе болғанымен, мұндай атақтың жауапкершілігі де үлкен. Сондықтан жұмыстың бірқалыпты ырағында кетпей, әрдайым ізденіп, өз ісінің білгірі болуға аянбай күш-жігерін сарп етіп келеді.

Өмірді өкінетей өткізудің жолы - еліңді сүйіп, халқыңды құрметтегі білу және адал еңбек ету болса, біздің кейіпкеріміз Аманбек Өмірбекұлы сол біліктілікті білгікті маман, Туған Қаратауындай, оның еңіс шоқысы әйгілі Отпан таудай өзінің биік азамат!



# АСҚАҚ СЕНІҢ АЙБЫНЫҢ, ШАЛҚЫТҚАН МҰНАЙ АЙДЫНЫҢ



Аманжол Арбабаева  
КМПОБ ЖЭБЖІІ, 3-районның  
химиялық талдау операторы



Ербол Айтбаев  
КМПОБ ЖЭБЖІІ, 3-районның  
операторы




Фарида Файылова  
КМПОБ ЖЭБЖІІ, 3-районның  
химиялық талдау операторы

«Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы ұжымы биылғы жылы да кәсіби мереке - Қазақстан Республикасы мұнай-газ кәсіп қызметкерлері Күнін табысты қарсы алды. Жылкентігілік пен қажыр-қайрат – мұнайшыға тән қасиет. Жер қойнауы «қара алтынды» оңдiрiн, өндiрiстiң жүрек соғысын қарғатын жаншылдырмаған олар "Еңбек – бәрiн де жеңбек" деген қағидамен ең даланың төсiнде ерен еңбектiң бахтасында! Мереке қарсаңында «Мұнайлы өлке» газетiнiң фототiлшiсi Ербол Айтбаев «Қаламқасмұнайгаз» және «Жетiбаймұнайгаз» өндiрiстiк басқармаларына қарасты кенорындарында болып, әрiптестерiмiздiң бiр еңбек күнi қайра Елге ел...



Сәткер Мұралиев  
ЖМПОБ, 3-районның  
3-районның операторы



Қазақстан  
Республикасы  
мұнай-газ саласы  
қызметкерлері  
Күнімен!



Фрагмент Мұралиев  
ЖМПОБ, 3-районның  
3-районның операторы



Аманжол Аманжол  
ЖМПОБ, 3-районның  
3-районның операторы



Ербол Айтбаев  
КМПОБ ЖЭБЖІІ, 3-районның  
мұнай және газ өндіру операторы



Заирхан Сейтжанова  
ЖМПОБ, 3-районның  
3-районның операторы



Сәткер Мұралиев  
ЖМПОБ, 3-районның  
3-районның операторы



Ербол Айтбаев  
КМПОБ, ЖЭБЖІІ, 3-районның  
мұнай және газ өндіру операторы



Заирхан Сейтжанова  
ЖМПОБ, 3-районның  
3-районның операторы

Қазақстан  
Республикасы  
мұнай-газ саласы  
қызметкерлері  
Күнімен!

## ҚҰРМЕТТІ МҰНАЙШЫ ӘРІПТЕСТЕР!



Бүгінгі мереке - осы салада еңбек етіп жүрген барша құбыр және өндірістік нысандар құрылысы, тасымал қызметі, байланыс, зертханалар, бұрғылау қондырғылары, автоматика мамандары және тағы басқа көптеген инженер, ғалым-технологтардың да мейрамы. Мұнай кен орындары ашылған және «қара алтын» өндіретін мұнайлы мекен тұрғындары да осы күнді ерекше сезіммен күтіп, тойлайды. Сіздердің ерлік еңбектеріңіздің арқасында халық күнделікті өмірде заманауи игіліктерді пайдаланып, жайлы тұрмыс кешуде.

Мұнай-газ кешені еліміздің әлеуметтік, экономикалық кемелденуіне, ел дәулетін ұлғайтуға қол жеткізіп, жарқын болашақ үшін берік негіз қалауға, әлем нарығындағы

бәсекелестікке қабілетті болуына сүбелі үлес қосып келеді.

Ал мүдделес компаниялар Қазақстан экономикасының жетекші саласындағы алға қойылған мақсаттарды орындап шығу, өндіріс қарқынын бәсеңдетпей өсу тенденциясын сақтап қалу жолында ынтымақтастық, өзара түсіністік пен іскери серіктестік жағдайында Маңғыстау мұнайы ашылғаннан бері ұтымды еңбек етуде.

Осындай айтулы күні Сіздерді Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шынайы құттықтауымды қабыл алыңыз!

Баршаңызға алдағы уақытта да мемлекетіміздің алға қойған міндеттерін жоғары деңгейде орындап, еліміздің қуаты өсіп, өркендеуі жолындағы абыройлы істеріңіздің ырысы мен берекесін көре беріңіздер деген тілегімді білдіремін. Сіздердің әрқайсыңызға таусылмас күш-жігер, еңбектеріңізге еселі табыс, отбасыларыңызға ортаймас бақ-ырыс тілеймін! Жомарт жерден мол мұнай алып, ел ырысын ұлғайту жолындағы барша бастама-талпыныстарыңыз сәтті болсын.

Құрметпен,

**Ақылбай Сапаров**  
«Oil Construction Company» ЖШС  
Бас директоры

## ҚҰРМЕТТІ МҰНАЙШЫЛАР! ҚАДІРЛІ САЛА АРДАГЕРЛЕРІ!



Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні қыркүйек айының алғашқы жексенбісінде аталып өтеді. Баршамызға белгілі осы атаулы күн — Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2003 жылы кәсіби мереке ретінде ресми түрде бекітілген болатын.

Қазіргі уақытта біздің еліміз дүние жүзіндегі ең ірі мұнай өндірушілер қатарына ілігіп, «қара алтынды» өндіру бойынша үздік көрсеткіштер көрсетіп, жаңа өндіріс нарығына шығуға жұмыстанудамыз. Өскелең мұнай өнеркәсібінің үлесі елдегі экономикалық ахуалды және жалпы ішкі өнім көрсеткішінің табысын арттырып отырғаны белгілі. Мұнайлы өлкеміздің дамуына және өсіп-өркендеуіне үлес қосып отырған мұнайшылар қауымының еңбегі екені даусыз. Сіздердің еліміздегі мұнай саласының тұрақтылығын нығайту, еліміздің халықаралық беделін арттыру жолындағы ерен еңбектеріңіздің арқасында осындай дәрежеге жетіп отырмыз.

Осы жылдар аралығында еселі еңбек еткен ардагер мұнайшылардың салаға қосқан үлестері де мол. Ардагерлеріміздің мұнай саласындағы қажырлы еңбектерінің арқасында отандық мұнай-газ кешенінің дамуында маңызды қадамдар жасалып, келешек ұрпаққа осы саланы тын менгерудегі талпынысты арттыруға көмектесті.

Мұнай және газ кешенінің қызметкерлерін және барша сала ардагерлерін «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС атынан кәсіби мерекелерімен құттықтаймын. Бүгінгі мерекелік күнде Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке, қызметтеріңізге жарқын кәсіби табыс пен еңбектеріңіздің өрлеуін тілеймін! Алдағы уақытта да тың табыстарға жете отырып, абырой-ларыңыздың арта беруіне шынайы тілектеспін!

Құрметпен,

**Серік Кеулімжаев,**  
«Ойл Транспорт Корпорейшн»  
ЖШС Бас директоры



## ҚҰРМЕТТІ МҰНАЙШЫЛАР!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан Республикасы Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

«Caspian FOOD» ЖШС-гі 2018 жылдан бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік қызмет жұмысшыларының үздіксіз жұмыс жасауына, тұрған үй орнымен қамтамасыз ету және қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру саласында үлкен үлес қосып келеді. Біздің қызметкерлеріміздің осы көрсетілген жұмыстарының сапасын көтеру мақсатында күні-күні тапжылмай қызмет көрсетудегі еңбектері зор. Туындаған қиындықтарға қарамастан «Caspian FOOD» серіктестігі өз мойнына алған міндеттерді орындауды жағастырып, бағдарламаларын жүзеге асыруда.

Барша өндірістік қызмет жұмысшылары! Төл мерекелеріңіз - Мұнайшылар күні құтты болсын! Денелеріңіз сау болып, шаңырақтарыңыз жақсылыққа, ерен еңбектеріңіз табысқа толсын! Еліміздің дамуы жолындағы атқарған барлық істеріңіз сәттілікке және толағай табыстарға толы болсын, құрметті мұнайшылар!

«Caspian FOOD» ЖШС

## ҚҰРМЕТТІ МҰНАЙШЫЛАР!



Сіздерді, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС атынан еліміздің ең маңызды мерекесі - Конституция күнімен және тұспа-тұс келген қарапайым халықтың игілігіне несібе болған қара алтынды игерген - Мұнайшылар Күнімен құттықтаймын!

Бүгінгі Қазақстанның әлемдегі жоғарғы беделі – бұл біздің тікелей ішкі жетістіктеріміздің, бейбітшілік сүйгіш саясатымыздың және ірі халықаралық жобалардағы бастамаларымыздың нәтижесі.

**Өлкеміздің мұнайшы тарландары!**

Осы мереке күні отбасыларыңызға амандық, еліміздің байанды болашағы, игілігі жолындағы еңбектеріңізге үлкен жетістіктер, мол табыстар тілеймін.

Қазақстанның өсіп-өркендеп дамуына қосқан үлестеріңіз және де кен игеру саласындағы абыройлы істеріңіздің ырысы мен берекесін көріңіз.

Шын ықылас-ниетпен,

**Нұрдаулет Қосбаев,**  
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бас директоры

## Дорогие ветераны, коллеги и друзья!

Отмечаая сегодняшний праздник День работников нефтегазового комплекса мы можем гордиться историческими вехами и трудовыми победами в развитии нефти и добычи, модернизации коммуникаций связи, средств автоматизации, телемеханики и т.д.

Важнейшим ресурсом нашего предприятия всегда были и остаются люди – настоящие профессионалы, высококлассные мастера своего дела – Наши Ветераны нефтяники. Трудовой энтузиазм, сплоченность, товарищеская взаимопомощь, высокая ответственность, исполнительская и производственная дисциплина работников и Всех наших ветеранов-нефтяников, сотрудников и в коллективе нефтегазовой отрасли наглядно отражаются в огромном процессе, достигнутом за истекшие годы в области нефтедобычи.

От имени всего коллектива ТОО «Мунайтелеком» от всей души поздравляем Всех нефтяников и весь коллектив Мангистауской нефтегазовой отрасли с

знаменательным событием «День нефтяника»! Желаем Всем Вам в дальнейшем еще выше поднять планку добрых трудовых традиций и всегда помнить, что общий успех зависит от вклада каждого. Пусть Ваши знания, опыт и целеустремленность способствуют решению самых масштабных задач нефтегазовой отрасли. Пусть растет добыча, увеличивается потенциал месторождений, открываются новые возможности, обеспечивающие Ваш рост и процветание.

Всем ветеранам и коллективу Мангистауской нефтегазовой отрасли желаю крепкого здоровья, счастья и семейного благополучия.

Спасибо Вам большое!!!

С уважением,

**Генеральный директор**  
ТОО «Мунайтелеком» **Е.М. Мукашев**



# «OIL SERVICES COMPANY»:

## ЖАҢАША ЖҰМЫС ЖАСАЙМЫЗ, ЫСЫРАПСЫЗ ЖҰМЫС ЖАСАЙМЫЗ

Өндірістік, сондай-ақ басқарушылық процестерді жаңғырту – мұнай сервисінің алдында тұрған ең өзекті мәселе болып табылады. Бұл жаңадан мұнай және газ ұңғымаларын жөндеу қондырғыларын, бұрғылау қондырғыларын сатып алу ғана емес, сонымен қатар қызмет көрсетуге деген көзқарасты жаңарту. Қазақстандық кәсіпорындардың бәсекелестік артықшылығы, шығарылатын өнім мен көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасы кезінде шығындарды төмендетумен ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Осыған байланысты, өндірістік процестердің тиімділігін және персоналдың нәтижелілігін арттыруға бағытталған «Ысырапсыз өндіріс» жүйесін енгізу, аса қажетті болып табылады.

Ысырапсыз өндіріс – шығынның барлық түрлерін жоюға үнемі ұмтылуға негізделген өндірістік кәсіпорында басқару тұжырымдамасы. Бұл тұжырымдама өндірістік жетілдіру процесіне әрбір қызметкерді қатыстыру және тұтынушыға барынша бағдарлануды көздейді.

Түбегейлі өзгерістерді іске асыру мақсатында – пайдалану шығындарын азайту, операциялық тиімділік пен қызмет сапасын арттыру мақсатында, 2019 жылдың маусымында «Oil Services Company» ЖШС-де «Ысырапсыз өндіріс» жобасы ашылды. Жобаның бас демеушісі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Мұнай Сервис жөніндегі Басқарушы директоры А.К.Шаненова болды. Түбегейлі өзгерістерді сүйемелдеу үшін «КМГ Инжиниринг» ЖШС-нің кеңесшілері тартылды. Жобаны 2021 жылдың соңына дейін іске асыру көзделіп отыр.

**Таманов Нұркен Жарылғасұлы, «Oil Services Company» ЖШС-нің Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, «Oil Services Company» ЖШС-дегі «Ысырапсыз өндіріс» жобасының өндірістік мәселелер жөніндегі атқарушы демеушісі:**



«Oil Services Company» ЖШС-гі киші кезеңдерді бастан өткеруде, сондықтан қазіргі тұрақсыз әлеуметтік және күрделі экономикалық жағдайларда компания алдында тек өміршеңдікті қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар тұрақты даму мен өз әлеуетін көбейту міндеті тұр.

Әрбір ұйымның дамуы, сапалы жаңа деңгейге біртіндеп көшуі көздейді. Өзгерістер қажеттілігі көптеп көкейде жүрген мәселе. Ол үшін үйреншікті және қалыптасқан шаруашылықты жүргізу әдісін өзгерту қажет. Осындай тәсілдердің бірі – «Ысырапсыз өндіріс» технологиясы.

«Ысырапсыз өндіріс» ең алдымен мекеменің мәдениеті мен саясатын, қалыптасқан заттардың тәртібін өзгертуді. Бұл тұжырымдама мекеменің қызметкерлерін ресурстардың негізгі түрлерінің бірі ретінде қарастырады. Қызметкерлердің жұмысынан тек сапа жүйесі ғана емес, сонымен қатар компанияның тиімділігі, жұмысқа қабілеттілігі мен өз-ақтары да байланысты. Сондықтан өзгерістер енгізу әр қызметкердің ой бейнесін өзгертуден басталады.

Жобаны іске асырудағы басты проблема, тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін жылдам жақсаруын қуту болуы мүмкін. Технология қарапайым және түсінікті болып көрінсе де, барлық қызметкерлердің толық түсінуі үшін көп уақыт қажет, сондықтан «Ысырапсыз өндіріс» компанияның ұзақ мерзімді стратегиясына айналуы тиіс.

### Жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда

Бірінші кезеңді іске асыру шеңберінде келесі нысаналы топтарға ысырапсыз өндіріс құралдарын қолдану бойынша оқыту жүргізілді:

- ТОП-менеджерлер – OSC және өндірістік басқармалар басшылығы;
  - орта буын басшылары;
  - пилоттық нысандардың жұмысшылары және олардың желілік басшылары.
- Оқыту нәтижелері бойынша, ысырапсыз өндіріс құралдарын терең зерделеу, одан әрі түбегейлі өзгерістер жобаларын ашу үшін, мамандар тобын – өзгерістер көшбасшыларын қалыптастыру мақсатында қызметкерлерді бағалау жүргізілді.



Жобаны іске асыруға тартылған компанияның 120 қызметкері, оның ішінде Oil Services Company ТОП-менеджменті – Бас директор мен оның орынбасарлары, бөлімше басшылары, шеберлер мен жұмысшылары ысырапсыз өндіріс құралдарын қолдану негіздерін оқып үйренді. Бұдан басқа, 200-ден астам қызметкерлерге тікелей өндірістік нысандарда «КМГ Инжиниринг» ЖШС мамандары, жұмыс орындарын ұйымдастыру жүйесін («СЖ жүйесі») енгізу бойынша таныстыру семинарларымен мастер-класстар өткізді.

**Осьминин Сергей Анатольевич, «КМГ Инжиниринг» ЖШС Технологиялық процестерді ұйымдастыру және нормалау департаментінің бас сарапшысы, «Oil Services Company» ЖШС «ысырапсыз өндіріс» жобасының жетекшісі:**



«Біз іске асырып жатқан жоба, қызметкерлердің еңбекке деген көзқарасын өзгертуге, еңбек ұйымдастыруын жақсарту арқылы олардың компания қызметіне қызығушылығын арттыруға және қызметкерлердің өз өндірістік қызметтерінің нәтижелерін мақтан тұтуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасауға бағытталған. Жобаны іске асыру нәтижесінде қызметкерлер басқаша жұмыс істеуге болатынын көреді: аз еңбек шығынымен көбірек істеуге болатынын, оған қоса неғұрлым қауіпсіз, ыңғайлы және қарапайым, жақсартулар енгізу үшін мүмкіндіктерді көруге үйренеді. Біз адамдар психологиясын өзгертуді көздеп отырмыз.

Койылған мақсаттарға біз 5S, Кайдзен, TWI, TPM, SMED, стандарттау, визуализация сияқты ысырапсыз өндіріс құралдары мен әдістерін енгізу арқылы қол жеткіземіз. Күрделі болып көрінгеніне қарамастан, көптеген түсініксіз терминдер мен аббревиатураларға қарамастан, ысырапсыз өндірістің әдістемесі өзінің қарапайымдылығымен қызықтырады, себебі оның негізі – ақылға қонымды мағына. Ысырапсыз өндіріс өмірді қиындатпайды, керісінше – кез келген үдерісті жеңілдетуге бағытталған.

Масааки Имаи – үздіксіз жетілдіру тұжырымдамасының негізін қалаушы – «Гемба кайдзен: шығындарды азайту және сапаны арттыру жолы» кітабында, үздіксіз жетілдіру үдерісіндегі ең маңызды элемент жоғарғы басшылықтың сол іске шынайы берілгендігі мен құштарлығы болып табылады – деп жазады. Бұл тұрғыда біздің жолымыз болды деп айтуға болады – қызығушылық бар. Оны келесі мысал жақсы көрсетеді. Жобаның бастапқы кезінде, бас директорын өндіріс жөніндегі орынбасары Нұркен Таманов бастаған, басқару аппаратының өндірістік қызметтер басшылары мен өндірістік басқармалардың басшылары кірген делегация, барлық пилоттық нысандар бойынша жүріп өтті. Жұмысшылар мен шеберлерге іске асырылып жатқан жобаның маңыздылығы туралы айтылды, содан кейін басшылар, қолғаптарын киіп, жұмысшыларға ысырапсыз өндірістің «СЖ жүйесі» құралының бірінші «Сұрыптау» кезеңін енгізуге көмектесті.

Әрине, басшылықтың бұлай көңіл бөлуі, пилоттық объектілердің қызметкерлерін, яғни жобаны тікелей жүзеге асырушыларды ынталандырады. Олар басшылықтың қолдарын ластаудан қорықпайтынын, жұмысшыларда қандай қиыншылықтар бар екенін анықтау үшін, қалай көмектесе алатынын білу үшін, өндірістік процестерді жақсарту бойынша жұмысшылардың ояларын тыңдау үшін басшылар гембаға – өндірістік процестердің орындалатын жеріне – шығуға дайын екенін көреді.

Әрине, басшылардың тікелей араласуы компанияның командалық рухын нығайтады және жаңа корпоративтік мәдениетті қалыптастырады.

Сонымен қатар, компания басшылығы қызметкерлерді дамытуға мүдделі, сондықтан жоба аясында жұмысшылар мен пилоттық бригадалардың шеберлерін ысырапсыз өндіріс бойынша оқыту, өзгерістер көшбасшыларын тәрбиелеу қарастырылған. Бұл шығындар еселеп қайтады, себебі – ақылды білімді адамдар кез келген мәселені шешуге қабілетті.

Ысырапсыз өндірісті енгізу – бұл қызметкерлердің психологиясы мен менталитетін өзгерту ғана емес, техникалық немесе технологиялық қайта жаратандырусыз қол жеткізілетін айтарлықтай экономикалық нәтиже.

Жабықтарды жөндеу, оны құру/бөлшектеу, ауыстыру себебінен бригадалардың тұрып қалуын қысқарту – бұл ысырапсыз өндіріс құралдарын қолдану нәтижесінде азайтылатын елеулі шығындар.

Компанияда болып жатқан өзгерістердің нәтижесі, әрине, Oil Services Company мекемесінің тиімділігін арттыру болады.

Жобаның келесі кезеңі жұмыс орындарын стандарттау болды. Осы кезеңді іске асыру шеңберінде жұмыс орындарын ұйымдастыру жүйесі «СЖ» енгізілуде. Қызметкерлер қажетсіз заттардан арылып, жұмыс орындары мен өндірістік аумақтарды тазалайды, құрал-саймандарды, материалдар мен жабықтарды ұтымды орналастыруды ойластырады, осылайша жұмыс үшін қауіпсіз және жайлы орта жасайды. «СЖ жүйесі» жұмысшылардың өз еңбегінің сапасына жаңа қарым-қатынас жасайды, өнімділікті арттырады. Сонымен қатар, бұл жүйе үнемдеуге мүмкіндік береді – мысалы, «сұрыптау» бірінші каламының нәтижелерінің бірі бұрғылау бригадалары көшкен кезде тасмалдау сабын қысқарту болды.

Іс жүзінде, барлық пилоттық нысандарда «СЖ жүйесінің» – «сұрыптау», «жүйеге сәйкестендіру» және «тазалықта сақтау» бірінші үш қадамы бойынша жұмыстар жүргізілді.

Жобаның маңызды кезеңі үздіксіз жұмыс жүйесін іске қосу болды. Осы кезеңді іске асыру шеңберінде жаңашыл қызметті ұйымдастыру ережесі, өндірістік үдерістерді тұрақты жетілдіру, шығындарды қысқарту, өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін арттыру және қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсартудың басқа да түрлеріне бағытталған іс-шараларды әзірлеу мен іске асырудың бірінші тәртібі мен тәсілдерін айқындайтын ереже әзірленді. Сондай-ақ жақсарту бойынша ұсыныстар (кайдзен-ұсыныстар) бергені үшін қызметкерлерді материалдық ынталандыру жүйесі қалыптасты.

Қызметкерлер, өндірістік үдерістерді жақсарту бойынша ояларын арнайы бланкілерде және арнайы жәшіктер арқылы рәсімдейді, осы мақсаттар үшін арнайы жасақталған OSC басқару аппаратына қарауға береді, онда оларды іске асыру

өзектілігі мен мүмкіндігі тұрғысынан бағалайды.

Сонымен қатар, қызметкерлер өздерінің іске асырылған оялары туралы бейнесөзжеттер түсіреді (мысалы, өздері жасаған құрылыстар туралы) және олармен WhatsApp интернет-мессенджеріндегі топтар арқылы әріптестерімен бөліседі.

Қызметкерлер үздіксіз жақсарту үдерісіне қатысып, шығындарды көруге және оларды жою мүмкіндіктерін іздеуге үйренеді.

Операциялық стандарттарды қолдану – компанияда қолданылатын жинақталған тәжірибе мен үздік дағдыларды сақтаудың ең жақсы тәсілі. Өндірістік үдерістер операцияларын стандарттау кезеңінде:

- жабықтарға күнделікті техникалық қызмет көрсету үдерісін стандарттау;
- жабықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету үдерісін стандарттау;
- жабықтарды құру/бөлшектеу үдерісін стандарттау.

Қазіргі уақытта бұрғылау бригадалары мен өндірістік қызмет көрсету қызметінде жабықтарға күнделікті қызмет көрсетудің чек-парақтары әзірленіп, сынақтан өтуде. Алдағы уақытта ұңғымаларды жөндеу бригадаларында сондай чек-парақтар әзірленеді.

Ысырапсыз өндірістің негізгі міндеті – компания қызметінің барлық салаларындағы шығындардың барлық түрлерін қысқарту. Бұл мақсатта жұмысшылар бастамалығымен және өздері іске асыратын жақсарту жобаларын бастау көзделген.

Мысалы, көтергіш агрегаттардың бұзылуы салдарынан ұңғымаларды жөндеу бригадаларының тұрып қалуын қысқарту бойынша жұмыс басталды. Кідірістерге талдау жүргізілді, жиі бұзылу түрлері анықталды, түбірлік себептерді анықтау мақсатында, көтергіш агрегаттарды жөндеу жұмыстары бойынша егжей-тегжейлі ақпарат жинау басталды. Алынған ақпаратты талдау нәтижелері бойынша түбірлік себептерді жою бойынша нақты іс-шаралар әзірленетіні болады.

Ағымдағы жылдың ортасына қарай осындай отызға жуық жақсарту жобалары бастау алмақ.

Жоба аясында көптеген жұмыстар атқарылғанына қарамастан, әлі де алда компанияның барлық ұжымының жұмылуын қажет ететін үлкен жұмыс күтіп тұр.

Ысырапсыз өндіріс бізге Жапониядан келді және осы тұжырымдаманың басты элементі – жүргізіліп жатқан жақсартулардың қажеттілігіне және оларды сәтті іске асыру мүмкіндігіне сенетін, жетілдіру үдерісіне атсалысуға дайын кәсіпорын қызметкерлері болып табылады. Ал бұл қызметкерлердің ойлау қабілеті мен жұмысқа деген көзқарасы өзгермейтінше мүмкін емес.

Компанияда, ысырапсыз өндіріс құралдарын енгізу, көптеген жинақталған қиыншылықтарды шешуге және жағдайды жақсы жақса сапалы өзгертуге көмектестіретіні сенімді.

**С.А.Осьминин,  
Н.А.Токтамысов.**



Ұлы жолдан ойға құлағанда «менмұдалап» күмбезі күнге шағылсықан, үйренбеген көзге таң, аптақ ауыл жарк ете түсті. Түп-тұндыр кеңістікте сағыммен араласып жанына сая, дертіне дауа іздеген жұрттың неше ғасыр қоналқысы болған қауым ғой бұл.


Абыз Әбіш Кекілбаев жазатындай, Маңғыстауда мыңдаған жылдар хабарын айтып беретін «сұңғылалар» - тарихи мұраның жоқтаушысының болғаны қандай ғанибет! Қандай істі қолға алса да ділтеген жеріне жеткізбей тынбайтын мәдениет және дін жанашыры, «Қараман ата» қоғамдық қайырымдылық қорының жетекшісі Сәуле кәжі Бердіханқызының Қараман ата мешітін қамқорлыққа алу туралы идеясы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Алик Серікұлы Айдарбаев мырзаның тікелей қолдауы, төрт мың мұнайшысы бар атақты ұжым - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қамқорлығы елдімізді танытатын сауапты шаруаның орайын келтірді. Оның үстіне бытығы жылы діни сәулет туындысы «Қараман Ата» тарихи нысанының аманаты толығымен Компания мойнына өтті. «Осы орайда елдік

Қайырымдылық

# ШАПАҒАТ

жобаның жүзеге асуына қызу қолдау көрсеткен, жақсы іске бас болған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Қалбай Әжімбауұлының Ізмұқановтың азаматтығына, компанияның барша мұнайшыларына алғысымыз шексіз» - дейді Сәуле Бердіханқызы.

Құба жолда самсап шыға келетін Қараман ата қауымынан шегініп барып қоныс тепкен кешеннің құрылысының басталғаны күні кеше сияқты еді. Ерте көктемде ел үлкендері бата беріп, ел азаматтары іргетасын қалаған тәуеухана Атаға қызмет етуге дайын екен. Кешен басындағы 300 орындық тәуеухана, асхана мен дәретхана және 250 метрлік құдық, сондай-ақ Қараман ата жерасты мешітіне дейін 16 шақырым жол, 11,5 шақырым тоқ желісі, ескерткіш тақта, арнайы қақпа, қорым айналасындағы дуал, мешітті самаладай жарқыратып тұрған шам жарығы - Қараман Атаны бетке алып келген халықтың көкірегің қуанышқа бөлейтіні даусыз. Бүгін де қауым басындағы адам қарасы аз емес.



- Біз Мұнайлы ауданы Қызылтөбе елді мекенінен ұжым болып зияратқа келіп отырмыз. Осымен Қараман Ата басына екінші рет келуіміз. Бүгін Ата қауымында атқарылған жұмыстарды көріп таң қалып тұрмыз. Өте керемет кешен. Мешітке түсіп, зиярат жасап, тәуеуханадағы жасалған барлық жағдайды көріп, ата-баба мұрасына деген қамқорлыққа куә болып, қуанышымызда шек жоқ!


Зияратшылар үшін жасалған шаруаны атқарған бұрынғы әкіміміз, қазіргі Ұлттық компания жетекшісі Алик Серікұлы Айдарбаев бастаған мұнайшыларға ризашылығымыз шексіз! - дейді жан толқынысын жасыра алмаған кәсіпкер, көп балалы жас ана Тұрғангул Жүгінісова.

Ия, Қараман Атаға әр барған сайын рухтанып, зиярат жасап Атадан медет тілеп барамыз. Бүгінгі сапарда біз де ұрпақтың Бабаға деген риясыз қызметіне куә болып тәуба еттік. Кеменгер Әбіш Ата «Бұл тарих бізге молалардың, зияраттардың көшпелілер үшін өлгендерді жерлейтін орын,



дүниеден ауған ата-бабаның атын сақтай ескерткіштер ғана емес, елдік белгі екенін, олардың мұндай зияраттар салуға аса саяси мән беретіні байқатады. Зияраттар белгілі бір территориялық кеңістікке қожа екенін заңдандыратын нақты айғақ, еліміздің көп ғасырлық тіршілігінің көне документі... Көшпелілер өз тарихын хатқа сенбей, тасқа сеніп қалдырғандай» деп жазады емес пе?! Елдің иесі, жердің Киесі болғандықтан ғана ел - ел, жұрт - жұрт!

Баба тарихқа тағзым, атамұраға адалдық төрткүл дүниенің алдында Маңғыстаудың абыройын де мерейін де өсіріп келе жатқан ежелгі дағды, қанға сінген қасиетіміз. Мүмкін түбектің астан да, үстің де ырыс-несібере кенеп келе жатқан сол Аталар аманатына адал ұрпақтың ниетіне деген қыр басындағы әулие-әмбелердің шапағаты шығар. Ырымшыл халықпыз ғой... ұлы шаруаны риясыз көңілмен атқарған, тілеулес болған маңғыстаумұнайгаздық мұнайшылардың жасаған сауапты істерінің қайырымы баршасына жақсылық болып оралғай деген тілекті Атаға қол жайып тұрып, біз де тіледік!



## БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

«Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорының Жарғысында балалар мен жасөспірімдерге жан-жақты көмек көрсету Қор қызметінің негізгі болып қарастырылған. Сол себепті Қор ашылғалы бері жүзеге асырылған шаралардың басым көпшілігі балаларға арналды - бірде емдом жасауға септігімізді тигізсек, енді бірде киім-кешек, тұрмыстық бұйымдармен жәрдем жасап келеміз.

Қуантсаң, баланы қуант - ақылына сәуле түссін дейді қазақ. Біз салған үміт пен мейірімділік сәулесі балаларды асқақ армандарға жетелесе, Қордың өз мақсатына жеткені...

Бұл жолғы шарамызда да осы мақсатты ту еттік. «Мектепке жол - 2020» акциясын жариялап, қопбалалы, аз қамтылған, асыраушысы жоқ отбасылардың биыл алғаш мектеп табалдырығын аттағалы тұрған балаларына оқу құралдары жиынтығын табыстадық. Барлығы елден жиналған жылу мен Қор қаражатына жалпы құны 500 000

тенге тұратын 120 жиынтық жасақталды. Оның 95 данасы Ақтау қалалық білім бөлімі берген тізім бойынша үлестірілсе, қалған 25 данасы Қорға жеке өтініштерімен хабарласқан отбасыларға табысталды.

Осы орайда, шараның жүзеге асуына жылу қосқан барлық мейірман жандарға және жиналған қаражаттың мейлінше көп балаға жетуіне жағдай жасаған «Дорал», «Марфуга» канцеляриялық бұйымдар дүкендері қызметкерлері мен жетекшілеріне алғыс білдіреміз. Алла кәсіптеріңізге береке берсін!

**Құрметті оқырман!**

Әлемді жүзі сұлу адам емес, жаны сұлу адам құтқарады. Жан сұлулығы жоғарттық пен қайырым-дылықтан нәр алады. Ал Қор атқарар әрбір іс сіздің жан сұлулығыңыздан - Сіз берген садақадан қуат алады. Ендеше, көп болып, көптің қамын бірге ойлауға шақырамыз. Ігі іске мұрындық боламын десеңіз қордың тұрақты салымшысы болыңыз.

*Мағлұмға жапың ашып, ішің күйсін,  
Харекет қыл, пайдасы көпке тиісін.  
Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,  
Мен сүйгенді сүйді деп иен сүйсін.*

Абай Құнанбайұлы

Құрметпен,

«Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры

Біздің есеп-шотымыз:  
"Мұнайлы өлке" қайырымдылық қоры  
БСН: 170440025934 Бек: 18  
Банктің атауы: "Қазақстан халық банкі"  
БСК: HSBKZKX  
ЖСК: KZ776010231000020671

КАСПИЙ ГОЛД 87077034444 (Ғани Ғабитұлы)



**Мұнайлы Өлке**

Меншік иесі:  
"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ  
Редактор: Есназар Сұлтанов  
Редакция алқасы: Ғ.Әбдісадық,  
А.Ақшаева  
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
130000, Ақтау қаласы,  
6 ш.а., № 1 үй,  
төл:  
212-035, 215-266  
212-194, 211-885  
Газет айына 1 рет шығады.  
Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және апарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г күлөгі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.  
Индексі: 64265

"АТIS" ЖШС баспаханасында басылды.  
Ақтау қаласы, 17 ш.а.  
тел: 525500